

Балқаш ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 12-3 "Балқаш ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 07-01 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 3 шілдеде № 5557 болып тіркелді "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 2-тармағына сәйкес, Балқаш ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Балқаш ауданы әкімінің "Балқаш ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 12-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4953 тіркелген, 2018 жылдың 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 1-тармағының бірінші абзацындағы "Қасымбеков көшесі № 17, ауылдық мәдениет үйі" сөздері "А. Қасымбеков көшесі № 3, Балқаш аудандық білім бөлімінің "Қарағаш орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі" деген сөздерге өзгертілсін;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 4-тармағының бірінші абзацындағы "Б. Бейсекбаев атындағы орта мектебі" сөздері "Балқаш аудандық білім бөлімінің "Б. Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен" мемлекеттік коммуналдық мекемесі" деген сөздерге өзгертілсін;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 7-тармағының бірінші абзацындағы "Ы. Алтынсарин көшесі № 14, Үшжарма орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" сөздері "Ы. Алтынсарин көшесі № 14 А, Балқаш аудандық білім бөлімінің "Үшжарма негізгі орта мектеп жанындағы интернат" мемлекеттік коммуналдық мекемесі" деген сөздерге өзгертілсін;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 8-тармағының бірінші абзацындағы "Д. Қонаев көшесі № 26, Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған бастауыш мектебімен" сөздері "Д. Қонаев көшесі № 24, ауылдық мәдениет үйі" деген сөздерге өзгертілсін;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 22-тармағының бірінші абзацындағы " Ни-Хак-Сун көшесі № 24/2, Н.Бозжанов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" сөздері "Омарбеков көшесі № 23 А, ауылдық мәдениет үйі" деген сөздерге өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Смағұлов Сайран Сейткемелұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Токпеисов

"КЕЛІСІЛДІ"

Балқаш аудандық аумақтық

сайлау комиссиясының төрағасы

А. Умирбаев